**Білім алушылардың білім беру бағдарламаларын іске асыруы сапасына қанағаттануы туралы мониторинг нәтижесі**

Университете БББ-ның іске асыру сапасын анықтау мақсатында жыл сайын білім алушылар арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. 2024-2025 оқу жылында жалпы саны 100ден аса БББ білім алушылармен бағаланды.

Білім алушылардың университеттің білім беру қызметтерін ұсыну сапасына қанағаттану деңгейін анықтау және одан әрі жетілдіру мақсатында 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша сауалнама өткізілді.

Сауалнамаға жалпы саны 3413 білім алушы өз пікірін білдірді. Оның ішінде:

- Инженерлі-технологиялық институт бойынша 762;
- Жаратылыстану институты бойынша 939;
- Гуманитарлық-педагогикалық институт бойынша 642;
- Педагогика және дәстүрлі өнер институты 661;
- Экономика және құқық институты бойынша 409 білім алушы білім беру бағдарламаларының іске асырылу сапасын бағалады.

1) Оқыту жағдайларын бағалау:

| | Толықтай қанағаттанамын | Қанағаттанамын | Қанағаттанбаймын | Мүлде қанағаттанбаймын | Жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|---|---|
| Материалдық-техникалық база (аудиториялық қордың жай-күйі, сабақтардың зертханалық жабдықтармен, көрнекі материалдармен және т. б. қамтамасыз етілуі) | 42% | 44% | 9% | 2% | 3% |
| Техникалық жарақтандыру (оқу процесін техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз ету) | 41% | 44% | 9% | 2% | 3% |
| Кітапханалық және ақпараттық қамтамасыз ету | 49% | 43% | 4% | 1% | 2% |
| Оқу-тәрбие жұмысын, студенттік өзін-өзі басқаруды, мәдени бос уақытты ұйымдастыру | 43% | 48% | 4% | 1% | 4% |
| Университетте дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар | 43% | 46% | 5% | 2% | 4% |
| Моральдық-адамгершілік атмосфера (оқытушылармен, қызметкерлермен, білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас) | 45% | 47% | 4% | 2% | 3% |

Оқыту жағдайлары бөлігінде:

- Материалдық-техникалық база (аудиториялық қордың жай-күйі, сабақтардың зертханалық жабдықтармен, көрнекі материалдармен және т.б. қамтамасыз етілуі)
- Техникалық жарақтандыру (оқу процесін техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз ету)
- Кітапханалық және ақпараттық қамтамасыз ету
- Оқу-тәрбие жұмысын, студенттік өзін-өзі басқаруды, мәдени бос уақытты ұйымдастыру
- Университетте дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар

- Моральдық-адамгершілік атмосфераға (оқытушылармен, қызметкерлермен, білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас) қатысты сауалдар қойылды.

Оқыту жағдайларына қатысты:

Сұралғандардың басым бөлігі материалдық-техникалық базамен (аудиториялық қордың жай-күйі, сабақтардың зертханалық жабдықтармен, көрнекі материалдармен және т. б. қамтамасыз етілуі), техникалық жарақтандырумен (оқу процесін техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз ету), кітапханалық және ақпараттық қамтамасыз етумен, оқу-тәрбие жұмысын, студенттік өзін-өзі басқаруды, мәдени бос уақытты ұйымдастырумен, университетте дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін жағдайлармен және моральдық-адамгершілік атмосферамен (оқытушылармен, қызметкерлермен, білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас) қанағаттанатындықтарын білдірген. Оның ішінде, сұралғандардың әрбір екіншісі оқыту жағдайларын өте жақсы, әрбір үшіншісі жақсы деп оңды пікірлерін білдірген.

Сауалнама барысында анықталған:

- оқу-тәрбие жұмысын, студенттік өзін-өзі басқаруды, мәдени бос уақытты ұйымдастыруға, университетте дене шынықтыру және спортпен шұғылдану үшін жағдайларға қанағаттанбаймыз дейтін 5%;

- материалдық-техникалық базаға (аудиториялық қордың жай-күйі, сабақтардың зертханалық жабдықтармен, көрнекі материалдармен және т. б. қамтамасыз етілуі), техникалық жарақтандыруға (оқу процесін техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз ету), моральдық-адамгершілік атмосфераға (оқытушылармен, қызметкерлермен, білім алушылар арасындағы өзара қарым-қатынас) қанағаттанбаймыз дейтін 3%;

- кітапханалық және ақпараттық қамтамасыз етумен қанағаттанбаймыз дейтін 2% білім алушының пікірін ескеріп тиісті жұмыстар жүргізу қажеттігі ұсынылады.

2) Білім беру процесінің сапасына қанағаттану:

| | Толықтай қанағаттанамын | Қанағаттанамын | Қанағаттанбаймын | Мүлде қанағаттанбаймын | Жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|---|---|
| Сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі | 45% | 48% | 3% | 1% | 2% |
| Профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі | 50% | 44% | 2% | 1% | 3% |
| Тәжірибеге бағытталған сабақтарды ұйымдастыру | 43% | 49% | 4% | 1% | 3% |
| Зертханалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру | 41% | 47% | 6% | 1% | 5% |
| Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру | 44% | 50% | 3% | 1% | 3% |
| Өндірістік практиканы ұйымдастыру | 45% | 47% | 3% | 1% | 4% |
| Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру | 43% | 49% | 4% | 1% | 4% |
| Университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігі | 41% | 49% | 5% | 1% | 5% |
| Білім алушылардың білімін бағалау саясатын және бақылауды ұйымдастыру | 42% | 50% | 4% | 1% | 4% |
| Алынған теориялық білім деңгейі | 44% | 49% | 2% | 1% | 3% |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Алған біліктері мен дағдыларының деңгейі | 44% | 50% | 3% | 1% | 3% |
| Дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі | 43% | 48% | 4% | 1% | 4% |

Білім беру процесінің сапасы бөлігінде:

- Сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейі;
- Профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейі;
- Тәжірибеге бағытталған сабақтарды ұйымдастыру;
- Зертханалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру;
- Білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- Өндірістік практиканы ұйымдастыру;
- Білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;
- Университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігі;
- Білім алушылардың білімін бағалау саясатын және бақылауды;
- ұйымдастыруға қатысты сауалдар қойылды.

Білім беру процесінің сапасына қатысты:
Сұралғандардың басым бөлігі сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейімен, профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейімен, практикалық бағытталған сабақтарды ұйымдастырумен, зертханалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырумен, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырумен, өндірістік практиканы ұйымдастырумен, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырумен, университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігімен және білім алушылардың білімін бағалау саясатын және бақылауды ұйымдастырумен қанағаттанатындықтарын білдірген. Оның ішінде, сұралғандардың әрбір екіншісі білім беру процесін өте жақсы, әрбір үшіншісі жақсы деп оңды пікірлерін білдірген.

Сауалнама барысында анықталған:

- зертханалық жұмыстарды жүргізуді ұйымдастырумен қанағаттанбаймыз дейтін 7%;
- университетте кәсіпкерлік ойлау дағдыларын алу мүмкіндігіне қанағаттанбаймыз дейтін 6%;
- тәжірибеге бағытталған сабақтарды ұйымдастыруға, білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, білім алушылардың білімін бағалау саясатын және бақылауды ұйымдастыруға, дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі қанағаттанбаймыз дейтін 5%;
- сабақтарды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету деңгейіне, білім алушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, өндірістік практиканы ұйымдастыруға, алған біліктері мен дағдыларының деңгейіне қанағаттанбаймыз дейтін 4%;
- профессор-оқытушылар құрамының біліктілік деңгейіне, алынған теориялық білім деңгейіне қанағаттанбаймыз дейтін 3% білім алушының пікірін ескеріп тиісті жұмыстар жүргізу қажеттігі ұсынылады.

3) Оқыту нәтижелерінің сапасын бағалау:

| | Толықтай қанағаттанамын | Қанағаттанамын | Қанағаттанбаймын | Мүлде қанағаттанбаймын | Жауап беруге қиналамын |
|---|---|---|---|---|---|
| Алынған теориялық білім деңгейі | 44% | 49% | 2% | 1% | 3% |
| Алған біліктері мен дағдыларының деңгейі | 44% | 50% | 3% | 1% | 3% |
| Дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігі | 43% | 48% | 4% | 1% | 4% |

Оқыту нәтижелерінің сапасы бөлігінде:

- Алынған теориялық білім деңгейі;
- Алған біліктері мен дағдыларының деңгейі;
- Дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігіне қатысты сауалдар қойылды.

Оқыту нәтижелерінің сапасына қатысты:

Сұралғандардың басым бөлігі алынған теориялық білім деңгейімен, практикалық біліктері мен дағдыларының деңгейімен және дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігімен қанағаттанатындықтарын білдірген. Оның ішінде, сұралғандардың әрбір екіншісі оқыту нәтижелерінің сапасын өте жақсы, әрбір үшіншісі жақсы деп оңды пікірлерін білдірген.

Сауалнама барысында анықталған:

- дайындық деңгейінің еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарына сәйкестігімен қанағаттанбаймыз дейтін 5%;

- алынған практикалық біліктері мен дағдыларының деңгейімен қанағаттанбаймыз дейтін 4%;

- алынған теориялық білім деңгейімен қанағаттанбаймыз дейтін 3% білім алушының пікірін ескеріп тиісті жұмыстар жүргізу қажеттігі ұсынылады.

Сол сияқты, сауалнама барысында білім алушылардың:

- Білім беру бағдарламаларының мықты және әлсіз жақтарына қатысты пікірлері;
- Білім беру бағдарламаларының сапасын жақсарту үшін ЖОО-на ұсыныстары зерделенді.

110 БББ бойынша сұралған білім алушылар пікірін талдай келе,
Білім беру бағдарламаларының мықты жақтары ретінде келесілер аталды:

- облыс көлеміндегі жоғары оқу орнының мәртебесі;
- білікті профессор-оқытушылар құрамы;
- жұмысқа орналастыру мүмкіндігі;
- іске асырылатын БББ-ның кең ауқымы;
- халықаралық алмасу бағдарламаларының жүзеге асырылуы.

Білім беру бағдарламаларының әлсіз жақтары ретінде келесілер аталды:

- инфрақұрылымдық шектеулер (демалыс алаңдарының жетіспеушілігі, медициналық пункттердің жұмысы, асханалардағы орын саны, оқу ғимараттарының тозушылығы және т. б.);

- материалдық-техникалық базаның қанағаттанарлықсыз жағдайы (оның ішінде компьютерлік жабдық, интерактивті тақта, оқу-зертханалық жабдық, кітаппен қамтамасыз ету және электрондық білім беру ресурстары, өндірістік жабдық, жиһаз);
- көптеген білім беру бағдарламалары бойынша практикалық дағдылар мен тәжірибеге қарағанда теориялық білімге көбірек мән беруі;
- практикадан өту, практикалық сабақтар көлемін кеңейту мүмкіндігінің аздығы;
- университетте заманауи ақпараттық технологияларға қол жетімділік деңгейінің төмен жағдайы (компьютерде жұмыс істеу, Интернет ресурстарын пайдалану, мүмкіндігі).

## БББ-ның БІЛІМ АЛУШЫЛАРМЕН БАҒАЛАНУЫНЫҢ ОРТА КӨРСЕТКІШІ

**Мұндағы:**
100-91% аралығы - өте жақсы;
90-71% аралығы - жақсы;
70-51% аралығы - қанағаттанарлық;
50 және одан төмен - қанағаттанарлықсыз.

### 1. Бакалавриат БББ бағалау:

| № | БББ коды | БББ-ның атауы | Орта көрсеткіш % |
|---|---|---|---|
| 1. | 6В07154 | Органикалық заттардың химиялық технологиясы | 98 |
| 2. | 6В01518 | География мұғалімдерін даярлау | 91 |
| 3. | 6В11177 | Туризм | 91 |
| 4. | 6В01513 | Физика-Информатика | 90 |
| 5. | 6В08171 | Агрономия | 90 |
| 6. | 6В08272 | Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы | 90 |
| 7. | 6В11279 | Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау | 90 |
| 8. | 6В07260 | Азық-түлік өнімдерінің технологиясы | 89 |
| 9. | 6В01517 | Биология мұғалімдерін даярлау | 89 |
| 10. | 6В01582 | Физика мұғалімдерін даярлау | 89 |
| 11. | 6В01510 | Математика | 88 |
| 12. | 6В01511 | Математика-Информатика | 88 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | 6B01725 | Шетел тілі: екі шетел тілі | 88 |
| 14. | 6B07159 | Көлік техникасы және технологиялар | 88 |
| 15. | 6B02132 | Дизайн | 87 |
| 16. | 6B01101 | Педагогика және психология | 87 |
| 17. | 6B01515 | Химия мұғалімдерін даярлау | 87 |
| 18. | 6B01516 | Химия-Биология | 87 |
| 19. | 6B01784 | Орыс тілінде оқытылмайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті | 87 |
| 20. | 6B07365 | Құрылыс | 87 |
| 21. | 6B08675 | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау | 87 |
| 22. | 6B07158 | Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша) | 87 |
| 23. | 6B07189 | Автоматтандыру және басқару | 87 |
| 24. | 6B02128 | Дәстүрлі музыка өнері | 86 |
| 25. | 6B01303 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 86 |
| 26. | 6B01202 | Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу | 86 |
| 27. | 6B07366 | Құрылыс материалдарын, бұйымдарын мен конструкцияларын өндіру | 86 |
| 28. | 6B07155 | Электрэнергетика | 86 |
| 29. | 6B02130 | Хореография | 85 |
| 30. | 6B01721 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 85 |
| 31. | 6B11401 | Әлеуметтік жұмыс | 85 |
| 32. | 6B07367 | Инженерлік жүйелер және желілер | 85 |
| 33. | 6B01407 | Музыкалық білім | 84 |
| 34. | 6B01514 | Информатика | 84 |
| 35. | 6B02234 | Археология және этнология | 84 |
| 36. | 6B02336 | Қазақ филологиясы | 84 |
| 37. | 6B04143 | Қаржы | 84 |
| 38. | 6B07368 | Кадастр | 84 |
| 39. | 6B01722 | Орыс тілі мен әдебиеті | 83 |
| 40. | 6B07369 | Жерге орналастыру | 83 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 41. | 6В01404 | Бастапқы әскери дайындық | 82 |
| 42. | 6В03238 | Журналистика (Телерадио) | 82 |
| 43. | 6В08674 | Су ресурстары және суды пайдалану | 82 |
| 44. | 6В01409 | Көркем   еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау | 81 |
| 45. | 6В01405 | Дене шынықтыру және спорт | 81 |
| 46. | 6В01619 | Тарих | 81 |
| 47. | 6В04139 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 81 |
| 48. | 6В08773 | Аграрлық техника және технология | 81 |
| 49. | 6В06149 | Ақпараттық жүйелер | 81 |
| 50. | 6В05283 | Экология және табиғатты пайдалану | 81 |
| 51. | 6В04140 | Экономика | 80 |
| 52. | 6В04104 | Менеджмент. Маркетинг. Сату | 80 |
| 53. | 6В11380 | Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру | 80 |
| 54. | 6В06150 | Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету | 80 |
| 55. | 6В07263 | Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау | 79 |
| 56. | 6В04245 | Құқықтану (Азаматтық-құқықтық) | 78 |
| 57. | 6В04247 | Әкімшілік әділет | 78 |
| 58. | 6В06352 | Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері | 78 |
| 59. | 6В07262 | Тау-кен ісі | 78 |
| 60. | 6В01519 | География- тарих | 77 |
| 61. | 6В04246 | Құқықтану (Қылмыстық-құқықтық) | 77 |
| 62. | 6В07261 | Мұнай газ ісі | 77 |
| 63. | 6В07264 | Пайдалы қазбаларды байыту | 77 |
| 64. | 6В02335 | Аударма ісі | 75 |
| 65. | 6В04141 | Есеп және аудит | 73 |

2) Бакалавр бағыты бойынша БББ-ның жүзеге асырылуына білім алушылардың қанағаттануының орташа көрсеткіші  84,0%-ды жақсы (90-71  балл аралығы) деген көрсеткішті құрады.

## 2. Магистратура БББ бағалау:

| | БББ коды | БББ-ның атауы | Орта көрсеткіш % |
|---|---|---|---|
| 1. | 7M01104 | Педагогика және психология | 81 |
| 2. | 7M01303 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 84 |
| 3. | 7M01407 | Музыкалық білім | 83 |
| 4. | 7M01409 | Кәсіптік оқыту (Көркем еңбек және арнайы пәндер) | 72 |
| 5. | 7M01510 | Математика | 87 |
| 6. | 7M01512 | Физика | 70 |
| 7. | 7M01514 | Информатика | 83 |
| 8. | 7M01515 | Химия | 86 |
| 9. | 7M01517 | Биология | 87 |
| 10. | 7M01619 | Тарих | 70 |
| 11. | 7M01724 | Қазақ тілі мен әдебиеті педагогтарын даярлау | 88 |
| 12. | 7M01722 | Орыс тілі мен әдебиеті | 90 |
| 13. | 7M01723 | Шетел тілі: екі шетел тілі | 83 |
| 14. | 7M02335 | Аударма ісі | 90 |
| 15. | 7M02336 | Филология | 90 |
| 16. | 7M04140 | Экономика | 83 |
| 17. | 7M04139 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 90 |
| 18. | 7M04141 | Менеджмент | 78 |
| 19. | 7M04142 | Есеп және аудит | 81 |
| 20. | 7M04144 | Қаржы | 89 |
| 21. | 7M05247 | Экология | 90 |
| 22. | 7M06149 | Ақпараттық жүйелер | 87 |
| 23. | 7M06150 | Есептеу техникасы және бағдарламалармен қамтамасыз ету | 87 |
| 24. | 7M07153 | Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы | 94 |
| 25. | 7M07155 | Электр энергетикасы (Жаңартпалы энергетика) | 93 |
| 26. | 7M07158 | Технологиялық машиналар және жабдықтар (сала бойынша) | 88 |
| 27. | 7M07365 | Құрылыс | 82 |
| 28. | 7M07366 | Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру | 84 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 29. | 7M08172 | Өсімдік шаруашылығы | 83 |
| 30. | 7M08773 | Аграрлық техника және технология | 84 |
| 31. | 7M08674 | Су ресурстары және суды пайдалану | 90 |
| 32. | 7M11279 | Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау (Техносфералық қауіпсіздік) | 87 |

2) Магистратура бағыты бойынша БББ-ның жүзеге асырылуына білім алушылардың қанағаттануының орташа көрсеткіші 84,8%-ды жақсы (90-71 балл аралығы) деген көрсеткішті құрады.

### 3. Докторантура БББ бағалау:

| № | БББ коды | БББ-ның атауы | Орта көрсеткіш % |
|---|---|---|---|
| 1 | 8D01101 | Педагогика және психология | 90 |
| 2 | 8D01303 | Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі | 92 |
| 3 | 8D01517 | Биология | 90 |
| 4 | 8D01515 | Химия | 93 |
| 5 | 8D01510 | Математика педагогтерін даярлау | 97 |
| 6 | 8D01511 | Физика педагогтерін даярлау | 98 |
| 7 | 8D01721 | Қазақ тілі мен әдебиеті | 87 |
| 8 | 8D04140 | Экономика | 92 |
| 9 | 8D04139 | Мемлекеттік және жергілікті басқару | 91 |
| 10 | 8D07365 | Құрылыс | 95 |
| 11 | 8D07366 | Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру | 82 |
| 12 | 8D08171 | Агрономия | 95 |
| 13 | 8D08675 | Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау | 82 |

3) Докторантура бағыты бойынша БББ-ның жүзеге асырылуына білім алушылардың қанағаттануының орташа көрсеткіші 91%-ды өте жақсы (91-100 балл аралығы) деген көрсеткішті құрады.

Жалпы университет бойынша БББ жүзеге асырылуына білім алушылардың қанағаттануының орташа көрсеткіші 86% - жақсы (75-89 балл аралығы) көрсеткішпен бағаланған.

## БББ бойынша БББ бағалауға қатысты сауалнамада білім алушылардың негізгі мәселелері және жетілдіру қажет ұсыныстар:

**1. БИОЛОГИЯ, ГЕОГРАФИЯ ЖӘНЕ ХИМИЯ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ**

**1. Академиялық ұтқырлық және халықаралық тәжірибе**

- Үздік оқитын студенттерді шетелдік ЖОО-ға тәжірибе алмасуға, тағылымдамаға немесе қосымша білім алуға жіберу.
- Шетелдік университеттермен топтық оқу-тәжірибелік алмасу ұйымдастыру (мысалы, магистранттар үшін 10 күндік бағдарлама).

**2. Практикалық бағыттағы білім беру**

- Лабораториялық және практикалық жұмыстарды кеңінен енгізу.

- Өндірістік және педагогикалық практикаларды толыққанды жүзеге асыру арқылы студенттердің тәжірибелік дағдыларын дамыту.

**3. Материалдық-техникалық база және цифрландыру**

- Кабинеттерді заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.
- Жаңа технологиялар мен цифрлық құралдарды оқу үдерісіне енгізу.
- Оқу үдерісінде цифрлық платформаларды белсенді қолдану арқылы қағазбастылықты азайту.

**4. Интеллектуалды және кәсіби байқаулар**

- Интеллектуалдық сайыстар, пәндік олимпиадалар, білім салыстыру турнирлері өткізу.
- Студенттердің біліктілігін анықтайтын түрлі топтық жарыстар ұйымдастыру.
- Болашақ педагогтар үшін кәсіби шеберлікті шыңдайтын педагогикалық конкурстар ұйымдастыру.

**5. Кәсіби және әлеуметтік байланыстарды дамыту**

- Үздік түлектермен және жас мамандармен кездесулер ұйымдастыру.
- Өз саласының кәсіби мамандарымен ой бөлісу кештерін өткізу.
- Студенттік клубтар мен ұйымдар құру (волонтерлік, шығармашылық, ғылыми, экологиялық және басқа да бағыттар бойынша).

**6. Жоғары талаптар мен сапаны бақылау**

- Оқытушылар мен студенттерге қойылатын талаптарды күшейту.
- Білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу.

## 2. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Практикалық және тәжірибелік білім беру**

- Сабақтардың басым бөлігін тәжірибелік бағытта өткізу.
- Әр студентке өз бетінше тәжірибелік-оқыту сабақтарын өткізу мүмкіндігін беру.
- Теориялық пәндердің мазмұнын жаңартып, тәжірибемен ұштастыру.

**2. Оқу әдістері мен технологияларды қолдану**

- Интерактивті, ойын түріндегі, командалық және проблемалық оқыту әдістерін қолдану.
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құралдарын тиімді пайдалану.
- Электронды ресурстарды (видео, презентациялар, интерактивті платформалар) қолдану.

**3. Спорттық белсенділік және дене шынықтыру**

- Университетішілік, қалалық және аймақтық спорттық жарыстар өткізу (футбол, волейбол, дзюдо, жеңіл атлетика және т.б.).
- ЖОО атынан жарыстарға қатысатын командалар құру.

- Әртүрлі спорттық үйірмелер ашу және дамыту (кроссфит, әскери-қолданбалы спорт, шахмат және т.б.).
- Апталық немесе айлық спорттық іс-шаралар мен челленджder ұйымдастыру.

**4. Ғылыми-зерттеу жұмыстары**

- Спорт, дене шынықтыру және әскери дайындық саласындағы ғылыми зерттеулерге студенттерді тарту.
- Курстық және дипломдық жұмыстарды ғылыми деңгейде жазуға бағыт беру.

## 3. ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ӨНЕРІ ЖӘНЕ ХОРЕОГРАФИЯ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Басқа оқу орындарымен тәжірибе алмасу**

- Өнер бағытындағы өзге ЖОО-лармен (ел ішіндегі және шетелдік) академиялық ұтқырлық бағдарламаларын ұйымдастыру.
- Оқытушылар мен студенттердің шеберлік сабақтарына, бірлескен жобаларға қатысуы.

**2. Түрлі заманауи технологиялармен жабдықтау**

- Музыка және хореография сабақтарында қолданылатын мультимедиялық және цифрлық құрылғылармен (интерактивті тақта, дыбыс жазу құрылғылары, бейнекамералар т.б.) жабдықтау.
- Музыкалық бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу.

**3. Музыканттарға арналған жаңа аспаптармен қамтамасыз ету**

- Әсіресе, фортепиано, домбыра, қобыз, баян, сырнай және басқа да ұлттық, классикалық аспаптармен жаңартылған түрде қамтамасыз ету.

**4. Көркем оқу бойынша жарыстар ұйымдастыру**

- Көркем сөз оқу, авторлық поэзия және ұлттық әдебиетке негізделген байқаулар өткізу.

## 4. ДИЗАЙН ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Іс-шараларды жетілдіру және мотивациялық орта құру**

- Кез келген шараны қызықты әрі позитивті атмосферада ұйымдастыру – студенттер үшін мотивация көзі.
- Наурыз және басқа да мотивациялық мәдени шаралар ұйымдастыру (мысалы, суретшілер фестивалі, музыканттар сайысы).
- Ауызашар сияқты рухани шаралар өткізу.

**2. Оқу процесі мен оқу ортасын жетілдіру**

- Білім алушылардың өзіндік жұмыс жасауына қолайлы жағдай жасау.
- Мамандыққа арналған арнайы зертханалық аудитория ашу.
- Интерактивті тақталар, заманауи жабдықтар және әр корпустың жеке кітапханасымен қамтамасыз ету.
- Қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз ету.

**3. Интеллектуалды және шығармашылық іс-шаралар**

- Кітап оқудан бөлек, мамандыққа қатысты интеллектуалды және логикалық сайыстар өткізу.
- Кітап оқу сайыстары, көңілді үзілістер сияқты студенттердің қызығушылығын арттыратын жобалар өткізу.
- Художестволық (шығармашылық) практика ұйымдастыру.
- Ойын түрінде ұйымдастырылған сабақтар немесе тренингтер өткізу (есте сақталуы оңай).

**4. Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары**

- Ұлттық тәрбиеге бағытталған тәрбиелік іс-шараларды арттыру.
- Студенттер мен ректордың бетпе-бет ашық сұхбаттасу кездесулерін ұйымдастыру (ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік беру).

**5. Халықаралық және тәжірибе алмасу мүмкіндіктері**

- Өзге оқу орындарымен білім және тәжірибе алмасу бағдарламаларын іске асыру.

**6. Ғылыми және практикалық жұмыс көлемін арттыру**

- Ғылыми және практикалық жұмыстардың санын көбейту.
- Мамандыққа сай іс-шаралардың жиі ұйымдастырылуы.

## 5. ИНФОРМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Практикалық білім беру және зертханалық жұмыстар**

- Зертханалық сабақтардың санын арттыру.
- Лабораториялық жұмыстардың сапасын жақсарту.
- Кәсіпорындармен тығыз байланыс орнатып, сапалы практикалық білім беруге көңіл бөлу.
- Тәжірибе алмасу бағытында семинарлар өткізу.
- Жүйелі түрде тәжірибе алмасулар ұйымдастыру.

**2. Оқу сапасын арттыру және оқытушылардың біліктілігі**

- Оқытушылардың біліктілігін арттыру (курстар, тәжірибе, ғылыми тағылымдамалар).
- Оқу сапасын жақсартуға бағытталған сауалнамалар мен конференциялар ұйымдастыру.
- Студенттерге деген оқытушылардың қарым-қатынасын жақсарту.

**3. Халықаралық және корпоративтік байланыстар**

- Шетелдік университеттермен академиялық байланыс орнату.
- Танымал IT-компаниялар мамандарымен кездесу ұйымдастыру.

**4. Интеллектуалды жарыстар мен іс-шаралар**

- Әртүрлі бағыттағы жарыстар өткізу (робототехника, бағдарламалау, жасанды интеллект және т.б.).

## 6. ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Развитие командного духа и коммуникативных навыков**

- Организовать тимбилдинги для студентов, направленные на развитие командного духа, коммуникации и сплочённости внутри академических групп.
- Проводить дебаты на актуальные темы для развития критического мышления, аргументации и культуры речи.
- Внедрить формат занятий с личным вкладом каждого студента (мини-проекты, творческие задания, совместные обсуждения).

**2. Использование современных технологий и инноваций в обучении**

- Активно использовать информационно-коммуникационные технологии (ИКТ), мультимедийные презентации, онлайн-ресурсы и цифровые платформы.
- Внедрять инновационные методы обучения и развивать профессиональные навыки: публичные выступления, работа с текстами, цифровая грамотность и медиакомпетенции.

**3. Воспитательная работа и культурное развитие**

- Регулярно проводить воспитательные мероприятия для формирования культурных, нравственных и личностных качеств.
- Проводить патриотические мероприятия, направленные на воспитание гражданственности и уважения к культуре и традициям страны.
- Создать и развивать книжный клуб на базе кафедры для обсуждения прочитанных произведений и развития аналитического мышления.

**4. Обратная связь и академическая мобильность**

- Организовывать частые собрания со студентами для открытого выражения предложений и участия в принятии решений.
- Расширить возможности академической мобильности, предоставляя участие в программах обмена с другими вузами, включая зарубежные.
- Студенттер мен оқытушыларды араластырып, топтық сайыстар ұйымдастыру (информатика, математика, физика пәндері бойынша).
- Білім алушылар үшін әртүрлі байқаулар мен іс-шаралар ұйымдастыру.

**5. IT саласына бағытталған іс-шаралар**

- IT бағытындағы фестивальдер (фесттер) ұйымдастыру.

## 7. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ЖӘНЕ ЖУРНАЛИСТИКА БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Студенттердің мотивациясы мен марапаттау**

- GPA-сы жоғары, үздік оқитын студенттерді ақшалай немесе заттай сыйлықтармен марапаттау.

**2. Оқу процесін жетілдіру**

- Кең аудиторияда еркін форматта сабақ өткізу.

- Артық, қайталанатын пәндерді оқу бағдарламасынан алып тастау.
- Заманауи бағыттағы білім беру тәсілдерін енгізу.

**3. Студенттік қоғамдастық және коммуникация**

- Әр топтың апталықтарын ұйымдастыру.
- Жастармен ашық сұхбат алаңдарын ұйымдастыру.
- Жастарға арналған пікір алмасу жиындарын өткізу (жастар алаңы форматында).
- Студентпен тығыз және жүйелі байланыс орнату, жақын жұмыс жүргізу.

**4. Тіл дамытуға арналған іс-шаралар**

- Тілге байланысты түрлі іс-шаралар ұйымдастыру.

## 8. ПЕДАГОГИКА, ПСИХОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Университеттің танымалдығын арттыру және ашықтық**

- Ашық есік күндерін ұйымдастыру (болашақ студенттер мен ата-аналарға университетті таныстыру).
- Студенттік посвятияны күштірек өткізу, университет беделін арттыру.
- Шетелден профессорларды шақыру, студенттермен таныстыру және белсенді студенттерді дамытуға көңіл бөлу.

**2. Оқу процесін жетілдіру және инновациялар**

- Оқытушылардың жаңашылдыққа талпынысын қолдау.
- Практикалық сабақтарды университеттен тыс оқу орындары мен ұйымдарда өткізу.
- Сабақтарда түрлі әдіс-тәсілдер қолдану: топтарға бөліп, ситуациялық тапсырмалар, жарыстар, ойындар ұйымдастыру.
- Практикалық сабақтарда топ көлемін азайтып, тиімді баға қою.
- Сабақтарда сергіту сәттерін өткізу.
- Интерактивті тақталарды орнатып, олардың дұрыс жұмысын қамтамасыз ету.
- Барлық аудиторияларды интерактивті тақталар және қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету.
- Студенттердің слайд арқылы сабақ қорғауына мүмкіндік беру.
- Заманауи технологияларды кеңінен қолдану.

**3. Студенттік белсенділік және коммуникация**

- Студенттермен жиі байланыста болып, олардың пікірін ескеру.
- Студенттер мен оқытушылар арасында офлайн ашық кездесулер ұйымдастыру.
- Студенттерді студенттік ұйымдарға белсенді тарту.
- Әр топтың апталықтарын ұйымдастыру.
- Жастарға арналған пікір алмасу жиындары мен ашық сұхбат алаңдары өткізу.

**4. Ғылыми, интеллектуалды және тәрбиелік іс-шаралар**

- Студенттермен білім алмасу және дебаттар өткізу.
- Түрлі жарыстар, сайыстар, турнирлер және интеллектуалдық ойындар ұйымдастыру.

- Дебаттар мен білім сайыстарын жиі өткізу.
- Педагогика мамандығы студенттері үшін семинарлар, «Winter camp», «Summer camp», тұлғалық даму тренингтері ұйымдастыру.
- Ғылыми жобалар мен конференциялар өткізу.
- Воспитательные мероприятия, направленные на формирование культурных и нравственных качеств.
- Патриотические мероприятия, уважение к культуре и традициям.

**5. Мамандыққа және кәсіптік дамуға бағытталған іс-шаралар**

- Кәсіби практика кезінде экскурсиялар мен басқа да іс-шаралар ұйымдастыру.
- Мектеп мұғалімдерімен бірлескен іс-шаралар өткізу.
- Практик мамандардың санын көбейту.

**6. Жаңа әдістер мен студенттердің өзін-өзі дамытуы**

- Интерактивті, командалық және шығармашылық сабақтарды кеңейту.
- Әр студенттің жеке үлесін талап ететін мини-проекттер мен шығармашылық тапсырмаларды енгізу.
- Өз-өзін дамытуға баса мән беру.

## 9. ТАРИХ БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Жұмыспен қамту және кәсіби даму**

- Жұмыспен қамту мәселесіне жәрдемдесу — студенттердің оқу аяқтағаннан кейін тұрақты жұмыс табуына қолдау көрсету.
- Кәсіби мамандар даярлау — заманауи талаптарға сай білікті мамандарды дайындау.
- ЖОО-дан тыс іс-шараларға студенттерді қатыстыру — студенттердің тәжірибесін кеңейту үшін университеттен тыс семинарлар мен конференцияларға қатыстыру.

**2. Оқу процесін жақсарту және тәжірибелік білім беру**

- Оқытушылар біліктілігін арттыру — білім сапасын көтеру үшін оқытушылардың кәсіби деңгейін үнемі жетілдіру.
- Экскурсиялар өткізу және оқу корпустарын оқу құралдарымен қамтамасыз ету — тәжірибелік білім беру үшін тарихи орындарға саяхаттар ұйымдастыру және қажетті құрал-жабдықтарды толықтыру.

**3. Студенттердің мәдени және интеллектуалды дамуы**

- Кітап жарыстарын ұйымдастыру — студенттердің тарихи әдебиеттерге қызығушылығын арттыру мақсатында жарыстар өткізу.

## 10. ФИЗИКА ЖӘНЕ МАТЕМАТИКА БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Оқу үдерісін жетілдіру және жабдықтау**

- Зертханаларды және аудиторияларды жаңартылған құрылғылармен жабдықтау.
- Барлық аудиторияларға және кабинеттерге интерактивті тақталар орнату.

- Әр корпусқа жеке декандар тағайындау және барлық кабинеттерді заманауи құралдармен жабдықтау.
- Аудиториялардың жағдайын жақсарту.
- Оқытушылар оқу әдістерін жаңартып, көрнекі құралдарды қолдану.

**2. Практикалық бағытты күшейту**

- Практикалық сабақтардың санын көбейту.
- Студенттердің өз сабағын жоспарлау қабілетін дамыту.
- Мектептерде тәжірибелік сабақтарды көбейту.
- Ішкі жиындар мен практикалық іс-шараларды көбейту.
- Практикалық мұғалімдермен ынтымақтастықта тренингтер өткізу.

**3. Ғылыми және шығармашылық белсенділік**

- Білім бойынша жарыстар, пәнаралық және ғылыми сайыстарды жиі ұйымдастыру.
- Студенттерді ғылыми конференциялар мен семинарларға жіберу.
- Дебаттар мен спорттық жарыстар ұйымдастыру.
- Топтар арасында жарыстар ұйымдастыру.
- Пәндік құзыреттілікті дамытуға арналған шеберлік сыныптарын өткізу.

**4. Студенттерді қолдау және ынталандыру**

- Жақсы оқитын студенттерге арналған жеке тапсырмаларды көбейту.
- Студенттерді қолдау үшін қаржылық қаражатты арттыру.
- Шәкіртақының уақытылы төленуін қамтамасыз ету.

**5. Басқару және жүйелілік**

- Бағалау жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру.
- Халықаралық ынтымақтастықты дамыту.
- Білім беру бағдарламасын жақсы жоспарлау және қолжетімді ету.

## 11. ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМА БББ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

**1. Оқу процесін жетілдіру**

- Қажетсіз пәндерді көбейтпеу.
- Арнайы пәндерді көбейту.
- Жаңа бағдарламалар, лекциялар мен тапсырмалар енгізу.
- Заманға сай оқу материалдарын қолдану.
- Теориямен қатар жобалар мен ерекше тапсырмалар арқылы білім беру.
- Әр пән бойынша апталық жарыстар өткізу.
- Студенттерге арналған талқылау клубтары, кейс-стади, жобалық жұмыстар өткізу.
- Дебаттар өткізу.
- Топтар арасында жарыстар ұйымдастыру.

**2. Оқытушылардың кәсіби дамуы**

- Оқытушылар мен профессорлардың кәсіби дамуы үшін тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.
- Оқытушылардың оқыту стилін қызықты әрі көңілді ету.
- Түрлі тренингтерге қатыстыру.
- Тәжірибелі мамандардың тәжірибесімен бөлісуін ұйымдастыру.
- Шетелдік оқытушыларды шақырып, тәжірибе алмасу ұйымдастыру.

**3. Инфрақұрылым мен ресурстар**

- Аудиторияларды кеңейту, компьютерлер мен интерактивті тақталарды көбейту.
- Оқу ыңғайлығына баса назар аудару.
- Ішкі тәртіп пен тазалықты қамтамасыз ету.

**4. Студенттердің қатысуы мен мотивациясы**

- Студенттердің ұсыныстарын жүйелі түрде жинау және талдау.
- Студенттердің пікірін тыңдап, еркін айтуына жағдай жасау.
- Сабақтан тыс түрлі іс-шаралар (event) ұйымдастыру.
- Студенттерге арналған жобалық жұмыстар мен курстар ұйымдастыру үшін компаниялар мен кәсіпорындармен серіктестік орнату.
- Мамандану бойынша апталықтар ұйымдастыру.
- Студенттер арасында фокус топтар өткізу.

**5. Қоғамдық және ғылыми іс-шаралар**

- Семинарлар өткізу, танымал тұлғаларды шақыру.
- Мамандыққа байланысты клубтар ашу.
- Білімге бағытталған іс-шараларды көбейту.
- Шетелдік және отандық ғылыми конференцияларға қатысу және ұйымдастыру.

## Жалпы университет бойынша БББ бағалауға қатысты сауалнамада білім алушылардың негізгі мәселелері және жетілдіру қажет ұсыныстар:

**Оқыту жағдайына қатысты:**

- Білім беру процесін ақпараттық технологиялық қамтамасыз ету;
- Білім алушылардың университетте болуына қолайлы жағдай жасау мүмкіндігін қарастыру: оқу ғимараттары мен дәліздерінде демалыс және байланыс аймақтарын, құрылғыларды қуаттандыруға арналған жабдықтарды ұйымдастыру;

- Оқу ғимараттарын заманауи құралдар, жабдықтар, аудиториялар, зертханалармен жабдықтау;
- Заманауи ашық кітапхананы дамыту;
- Университеттің материалдық-техникалық базасын жаңарту. (Негізгі құралдар, оның ішінде компьютерлік жабдық, интерактивті тақта, оқу-зертханалық жабдық, кітаппен қамтамасыз ету және электрондық білім беру ресурстары, өндірістік жабдық, жиһаз)

**Білім беру процесінің сапасына қатысты:**

- Білім беру процесінің мазмұны, ұйымдастырылуы және сапасын арттыру;
- БББ бойынша сұранысқа ие кәсіби дағдыларды алуға бағытталған пәндерді қосу тұрғысынан талдау жүргізу;
- Әр білім алушының таңдауына сай жеке оқу жоспарларын дайындау, практикалық сабақтарға таңдау мүмкіндігін беру, қызығушылық тудырмайтын пәндерді жою;
- Университетте оқылатын теориялық курстар мен өндіріс қажеттіліктерінің байланысын арттыру.

**Оқыту нәтижелерінің сапасы**

- Кәсіби функцияларды табысты орындау үшін практикалық дағдыларыды арттыру;
- Университет пен кәсіпорын байланысын нығайту;
- Практика уақытын ұзарту;
- Студенттерге болашақ жұмыс орнында (егер ондай болса) кәсіби практикадан өтуге еркін мүмкіндік беру, яғни кәсіби практика орнын алдын ала дайындалған тізім бойынша қатаң түрде таңдатқызбай тізімде жоқ мекемелерге баруға рұқсат ету.

Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасының топ жетекшісі — М. Махамбетова